Қазақстан Республикасы
экология және табиғи
ресурстар министрлігі
Қазгидромет РМК

# 2023 жылғы қазан айына
# АУА РАЙЫН БОЛЖАУ БЮЛЛЕТЕНІ



АСТАНА 2023

# Мазмұны

Алғы сөз........................................................................................................................................ 4

Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қазан айының қысқаша климаттық сипаттамасы ……................................................................................................................... 5

Қазан айында Қазақстан аумағы бойынша орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәні (кесте)........................................................................................ 6

2023 жылдың қазан айында күтілетін орташа айлық температурасының нормадан ауытқуы................................................................ 7

Қазан айында көпжылдық орташа айлық ауа температурасы (норма) ………................................................................ 7

2023 жылдың қазан айында күтілетін жауын-шашынның мөлшерінің нормадан ауытқуы ………………………………....................... 8

Қазан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма) …………………………………………….................... 8

2023 жылы Қазақстан аймақтары бойынша қазан айында күтілетін орташа ауа температурасы …..……………………………………….......... 9

Ауа райының облыстар бойынша графигі ……......………………………………………................. 10

2023 жылдың қазан айына облыстар бойынша консультативтік ауа райы болжамы ……………………….....………………………………...……………………... 12

Батыс Қазақстан облысы ….…………………………………………………….......................... 12

Атырау облысы ……………………………................................................................................ 13

Маңғыстау облысы ...………………………………………………………………………………... 14

Ақтөбе облысы ………………………………………………………………............................... 15

Қостанай облысы …………………...……………...………………………….............................. 16

Солтүстік Қазақстан облысы…………………………………………………......................... 17

Ақмола облысы ……….....…………………………………………………………………….…..... 18

Павлодар облысы ……………………………………………….................................................. 19

Ұлытау облысы ………………………………........................................................................ 20

Қарағанды облысы ..………………………………………………………………………………… 21

Абай облысы ...………………………………………………………………………………….…... 22

Шығыс Қазақстан облысы ..……………...………………………………………………………… 23

Қызылорда облысы ..………………………………………………………….......................... 24

Түркістан облысы ……………………….....……………………………………………………….. 25

Жамбыл облысы ……………………………….............................................................................. 26

Алматы облысы ..………………………………………………………………………………..... 27

Жетісу облысы ...………………………………………………………………………………….. 28

## Алғы сөз

Жарияланып отырған айлық ауа райы болжамы мыналарды қамтиды:

- ✓ болжамды айдың қысқаша климаттық сипаттамасы (барлық бақылау кезеңінде)
- ✓ республиканың облыстары бойынша ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің орташа көпжылдық мәндерден ауытқуының қысқаша сипаттамасы;
- ✓ суықтың (жылудың) ең маңызды толқындары, жауын-шашынды мерзімдер және ауа райының атмосфералық құбылыстары көрсетілген ауа райының өзгеру графиктері;
- ✓ республиканың әр облыстары бойынша ауа райы болжамының мәтіні;
- ✓ орташа айлық ауа температурасының орташа көпжылдық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ ауаның көпжылдық орташа айлық температурасының кеңістіктік таралуының картасы (30 жылдық норма);
- ✓ айлық жауын-шашынның мөлшері орташа көпжылдық айлық мәнінен күтілетін ауытқулар картасы;
- ✓ жауын-шашынның айлық мөлшерінің көпжылдық мәндерінің картасы (30 жылдық норма).

Болжам мәтінінде облыстар аумағындағы орташа айлық ауа температурасы мен жауын-шашын мөлшерінің шеткі мәндері келтірілген.

*Бір айға арналған ауа райы болжамы консультативтік сипатқа ие. Ауа райының күнделікті өзгеру бағытында 3-тен 5 тәулікке дейін жылжуы, сондай-ақ күнделікті ауа температурасының ($\pm 5^0C$) мәндерінің де, ауа райының атмосфералық құбылыстарының да ауытқуы мүмкін екенін ескеру қажет.* ***Бір айға арналған ауа райы болжамы айдың 30-31, 10, 20 күндерінде онкүндікке арналған болжамдармен нақтыланады.***

Бір айға арналған ауа райы болжамының шығуымен және оларды нақтылаумен байланысты барлық мәселелер жөнінде мына мекенжай бойынша Гидрометорталыққа хабарласуға болады:
Астана қ., Мәңгілік Ел көшесі 11/1.

Гидрометорталықтың директоры:
М. Шмидт, тел. (7172) 79-83-87.

Ауа райын ұзақ мерзімге болжау басқармасының басшысы:
Ж.Қ. Исабекова, тел. (7172) 79-83-95.

Құрастырған - АРҰМББ инженер-синоптигі:
М. Сакимова, тел. (7172) 79-83-95.

Аударған АРҰМББ технигі:
Г. Масалимова тел. (7172) 79-83-95

# Қазақстан аймақтары бойынша көпжылдық мәліметтерге сәйкес қазан айының қысқаша климаттық сипаттамасы

Қазан – күздің ортасы, күзден қыстың алдынғы мерзіміне өту басталады.

Қыркүйекпен салыстырғанда ауаның орташа айлық температурасы 8-10°С, оңтүстік облыстарда 5-8°С-қа төмен болады. Ауаның орташа айлық температурасы оң мәнде болады: солтүстік бөлікте +3+8°С, оңтүстік бөлікте +9+14°С. Суық жылдары ол орташа көпжылдық нормадан 5-8°, жылы жылдары 3-6° ауытқуы мүмкін.

Ауаның орташа тәуліктік температурасының 5°С арқылы тұрақты шамаға өтуі солтүстік облыстарда бірінші онкүндікте, батыста, орталықта және шығыста - екінші онкүндікте, оңтүстік және оңтүстік-шығыста үшінші онкүндікте басталады.

Ауаның орташа тәуліктік температурасының 0°С арқылы теріс шамаға өтуі тек солтүстік облыстарда қазан айының үшінші онкүндігінде, оңтүстікте - қарашаның бірінші онкүндігінде басталады.

Ауа температурасының абсолюттік минимумы солтүстік және шығыс облыстарда тәулігіне -18-28°С, қиыр шығыста -29-34°С-қа, батыс және орталық облыстарда -13-26°С, оңтүстік және оңтүстік-шығыс облыстарда -14-24°С және Түркістан, Қызылорда және Маңғыстау облыстарының қиыр оңтүстігінде -3-8°С-қа жетуі мүмкін.

Ауа температурасының абсолюттік максимумы Қазақстанның солтүстік бөлігінде +23+32°С, оңтүстігінде +27+35°С, Түркістан және Жамбыл облыстарының оңтүстігінде +37+39°С құрайды.

Қыркүйек айына қарағанда қазан айында жауын-шашын көбірек болады: Солтүстік және Батыс Қазақстанның орманды және жазық аймақтарында 15-40 мм, еліміздің шығыс және оңтүстік-шығысқа жақын таулы аудандарында олардың саны 115 мм-ден асады. Қазақстанның солтүстігінде жауын – шашын сұйық және аралас (жаңбыр мен қар түрінде), ал республиканың таулы аудандарында қар түрінде болуы мүмкін.

Республиканың солтүстігінде, шығысында қар жауған тәулік саны 1-5, оңтүстік-шығысы мен шығысының таулы аудандарында айына 5-15 және одан да көп тәулікті құрайды. Солтүстік Қазақстанда суық жылдары қар басқан тәулік саны 10-15 тәулікке дейін артуы мүмкін. Республиканың оңтүстік жартысында қар жаууы мүмкін, бірақ бұл өте сирек: 10 жылда 1-5 рет болады.

Өте суық жылдары Қазақстанның солтүстігінде қар жамылғысы қазанның үшінші онкүндігінде.

Қазанда бұрқасынды күндер тек Қазақстанның солтүстігінде байқалады және айына бар болғаны 1-3 күн ғана болады.

Шаңды борандар Қазақстанның батысында 1-5, солтүстігінде 1-2, Тарбағатайдың тау бөктерінде және Жоңғар Алатауында 2-3 күн болып тұрады.

Тұмандар қазан айында республиканың солтүстігінде 2-3 рет, Каспий жағалауында 2-5, биік таулы аудандарда айына 8 күнге дейін болады. Қазан айында желдің орташа жылдамдығы 3-6 м/с. Желдің ең күшті жылдамдығы 18-28 м/с, Солтүстік Қазақстан, Павлодар және Түркістан облыстарында 34 м/с, ал Жамбыл облысында 40 м/с дейін жетеді.

# Қазан айында ҚР бойынша ауаның орташа айлық температурасының және жауын-шашын мөлшерінің көпжылдық мәндері (норма 1991-2020 жж.)

| Облыс | Ауа температурасы, °С | Жауын-шашын мөлшері, мм |
|---|---|---|
| Батыс Қазақстан облысы | +6,2...+9,1 | 19...38 |
| Атырау облысы | +7,9...+10,2 | 11...21 |
| Маңғыстау облысы | +10,0...+13,8 | 9...13 |
| Ақтөбе облысы | +4,4...+8,3 | 11...36 |
| Қостанай облысы | +3,9...+7,0 | 14...31 |
| Солтүстік Қазақстан облысы | +3,6...+4,5 | 22...40 |
| Ақмола облысы | +3,1...+5,1 | 19...32 |
| Астана қ. | +5,0 | 26 |
| Павлодар облысы | +3,9...+5,2 | 18...26 |
| Ұлытау облысы | +5,0…+7,8 | 8…22 |
| Қарағанды облысы | +3,3...+8,1 | 8...30 |
| Абай облысы | +3,4...+8,0 | 14...37 |
| Шығыс Қазақстан облысы | +1,0…+7,3 | 18…62 |
| Қызылорда облысы | +9,2…+11,4 | 6…11 |
| Түркістан облысы | +6,1…+14,3 | 6…56 |
| Шымкент қ. | +13,0 | 39 |
| Жамбыл облысы | +5,8...+10,9 | 10...45 |
| Алматы облысы | -0,6...+11,0 | 11...64 |
| Алматы қ. | +10,6 | 50 |
| Жетісу облысы | +4,0…+12,2 | 13…61 |

## 2023 жылғы қазан айында күтілетін ауа температурасының орташа айлық мөлшерден ауытқуы

**Қазан** айында ауаның орташа температурасы республиканың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары,* Түркістан, Жамбыл облыстарының таулы аудандарында, Алматы облысының оңтүстік жартысында, Жетісу облысының оңтүстігінде *норма шамасында* болады деп күтілуде.

**2023 жылдың қазан айында күтілетін орташа ауа температурасының нормадан ауытқуы**




**2023 жылдың қазан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы (норма: 1991-2020 жж.)**



# 2023 жылдың қазан айындағы күтілетін жауын-шашын мөлшерінің ауытқуы

**Қазан** айында жауын-шашын мөлшері республиканың басым бөлігінде *норма шамасында*, Қызылорда, Ұлытау облыстарында, Түркістан облысының солтүстік-батысында *нормадан аз*, Батыс Қазақстан облысында, Ақтөбе облысының солтүстігінде, Қостанай облысының солтүстік-батысында *нормадан көп* болады деп болжанады.

**2023 жылдың қазан айында күтілетін жауын-шашын мөлшерінің нормадан ауытқуы**




**Қазан айындағы жауын-шашынның көпжылдық орташа айлық мөлшері (норма: 1991-2020 жж.)**



# 2023 жылғы қазан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы

Ауаның орташа айлық температурасы Қазақстанның басым бөлігінде +4+9°С, Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан, Жамбыл облыстарында, Алматы облысының басым бөлігінде, Батыс Қазақстан облысының оңтүстігінде, Жетісу облысының жекеленген аумағында - +10+14,8°С-қа, Алматы облысының таулы аудандарында 0,+2°С-қа дейін күтіледі.

**2023 жылдың қазан айында күтілетін орташа айлық ауа температурасы**




## 2011 жылға ұқсас

# Қазақстанның облыстары бойынша 2023 жылғы қазан айына арналған ауа райы кестесі

## Батыс Қазақстан облысы




## Атырау облысы




## Маңғыстау облысы




## Ақтөбе облысы




## Қостанай облысы




## Солтүстік Қазақстан облысы




## Ақмола облысы




## Павлодар облысы




## Ұлытау облысы




## Қарағанды облысы



## Абай облысы




## Шығыс Қазақстан облысы




## Қызылорда облысы




## Түркістан облысы




## Жамбыл облысы




## Алматы облысы




## Жетісу облысы




**Шартты белгілер:**



# Қазақстан облыстары бойынша 2023 жылғы қазан айына консультативтік ауа райы болжамы

## Батыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +7,7+10,6°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +6,2+9,1°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +7+12°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-тан +8+13°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Одан кейін ауа температурасы *түнде* +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +21+26°С-қа, облыстың солтүстігінде *түнде* +7°С-қа, *күндіз* +17°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +10+15°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде +5°С-тан -5°С-қа дейін, *күндіз* +21+26°С-қа, облыстың солтүстігінде +17°С-тан +7+12°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +5+10°С-қа, облыстың солтүстігінде +2°С-қа, *күндіз* +12+17°С-қа дейін жоғарылауы болжануда.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +5+10°С-тан, облыстың солтүстігінде +2°С-тан, -1-6°С-қа, облыстың оңтүстігінде +2°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-тан +2+7°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *нормадан көп* болжануда (норма: 19-38 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің бірінші жартысында және айдың ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ - үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Тұман - үшінші онкүндіктің соңында. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің бірінші жартысында, айдың ортасында және үшінші онкүндіктің ортасында болжанады.



## Атырау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +10,0+11,6°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +7,9+10,2°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +7+12°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа, облыстың солтүстігінде +17°С-қа дейін жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа, облыстың солтүстігінде +17°С-тан +12+17°С-қа, облыстың оңтүстігінде +20°С-қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа, облыстың солтүстігінде +5°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +6+11°С-тан +1+6°С-қа дейін, *күндіз* +13+18°С-тан +10+15°С-қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -1-6°С-қа, облыстың оңтүстігінде +2°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 11-21 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Найзағай екінші онкүндіктің соңында күтіледі. Тұман – айдың соңында болжанады. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы болуы мүмкін.



## Маңғыстау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +11,4+14,9°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +10,0+13,8°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +10+15°С-тан +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +11+16°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +12+17°С-қа, облыстың солтүстігінде +7°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа дейін жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +12+17°С-тан, облыстың солтүстігінде +7°С-тан +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +15+20°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +10+15°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +17+22°С-тан +12+17°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -1-6°С-қа, облыстың оңтүстігінде +2°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* (норма:10-13 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, үшінші онкүндіктің басында және ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - айдың соңында күтіледі. Найзағай бірінші және үшінші онкүндіктердің басында болжануда. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында және соңында, екінші онкүндіктің ортасында, жиі үшінші онкүндікте болжанады.



## Ақтөбе облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +6,0+9,8°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +4,4+8,3°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +6+11°С-тан 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +16+21°С-тан +10+15°С-қа, облыстың оңтүстігінде +23°С-тан +18°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +5+10°С-қа, облыстың солтүстігінде +2°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +13+18°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +5°С-тан -3-8°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-тан, облыстың солтүстігінде +5°С-тан +1+6°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында*, облыстың солтүстігінде *нормадан көп* болжанады (норма: 11-36 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Тұман айдың соңында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с әр бір онкүндіктің басында және айдың соңында болжанады.



**Қостанай облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +5,4+8,5°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +3,9+7,0°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +8+13°С-қа, облыстың оңтүстігінде +23°С-тан +18°С-қа дейін ауытқуы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +5+10°С-тан -2-7°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан, облыстың солтүстігінде +15°С-тан +5+10°С-қа, облыстың оңтүстігінде +13°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде* -3-8°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың солтүстік-батысында *нормадан көп* күтіледі (норма: 14-31 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - айдың ортасында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің соңында болжануда. Көктайғақ айдың соңында болжанады. Жел 15-20 м/с жиі ай бойы күтілуде.



## Солтүстік Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +5,2+6,1°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +3,6+4,5°С).

Бірінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +5+10°С-тан, облыстың солтүстігінде +2°С-тан 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +10+15°С-қа дейін ауытқуы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +5+10°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде +2°С-тан -5°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +5+10°С-қа, облыстың оңтүстігінде +13°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-қа дейін әрі қарай төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан, облыстың оңтүстігінде +3°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +2+7°С-тан +7+12°С-қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа, облыстың оңтүстігінде -2°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтілуде (норма: 22-40 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - айдың ортасында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің басында, екінші онкүндіктің басында және ортасында, үшінші онкүндіктің соңында болуы мүмкін.



**Ақмола облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +4,6+6,5°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +3,1+5,1°С).

Бірінші онкүндіктің ең басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан +5+10°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-тан +2°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-тан +17+22°С-қа, облыстың солтүстігінде +12°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +3+8°С-қа дейін, *күндіз* +13+18°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +3+8°С-тан +8+13°С-қа, облыстың солтүстігінде +5°С-қа дейін, *күндіз* +13+18°С-тан +15+20°С-қа дейін жоғарылауы күтілуде. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -2-7°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-қа, облыстың оңтүстігінде +13°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* -2-7°С-тан 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-тан +5°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-тан +8+13°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа, облыстың оңтүстігінде -2°С-қа дейін, *күндіз* -3+2°С-қа дейін төмендеуі күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* (норма: 22-32 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - айдың ортасында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы күтіледі.



## Павлодар облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +5,4+6,7°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +3,9+5,2°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан +5+10°С-қа, облыстың оңтүстігінде +13°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +20+25°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа, облыстың солтүстігінде +12°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасы *түнде* +3+8°С-қа, *күндіз* +17+22°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* 0,-5°С-қа, *күндіз* +3+8°С-қа, облыстың оңтүстігінде *түнде* +3°С-қа, *күндіз* +11°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-тан, облыстың оңтүстігінде +3°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С-тан, облыстың оңтүстігінде +11°С-тан +8+13°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* -5-10°С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* (норма: 18-26 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман екінші онкүндіктің соңында, көктайғақ үшінші онкүндіктің соңында болжануда. Жел 15-20 м/с бір ай бойы жиі күтіледі.



## Ұлытау облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +5,4+9,2°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +5,0+7,8°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +1+6°С-тан +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +23+28°С-қа дейін жоғарылауы болжануда. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін төмендеуі болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа, облыстың оңтүстігінде +23°С-қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +7+12°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-қа, облыстың шығысында +7°С-қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -2-7°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз,* облыстың шығысында *норма шамасында* (норма: 9-22 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы болжануда.



## Қарағанды облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +4,7+9,5°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +3,3+8,1°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +2+7°С-тан +7+12°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-тан +2°С-қа дейін, *күндіз* +13+18°С-тан +18+23°С-қа, облыстың оңтүстігінде +21°С-тан +26°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін төмендеуі күтілуде. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа дейін әрі қарай жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +6+11°С-қа дейін төмендеуі күтілуде.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* -2-7°С-қа дейін, *күндіз* +1+6°С-қа дейін төмендеуі болжанады. Онкүндіктің ортасында ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін жоғарылауы болжануда. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа, облыстың оңтүстігінде -2°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* (норма:7-30 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндікте және үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар), көктайғақ - үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болуы мүмкін. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы болжануда.



**Абай облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +4,8+9,4°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +3,4+8,0°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +3+8°С-тан +8+13°С-қа, облыстың солтүстігінде -2°С-тан +3°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-тан +20+25°С-қа дейін жоғарылайды. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +1+6°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа, облыстың солтүстігінде +7°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің ең соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +6+11°С-қа, облыстың солтүстігінде +1°С-қа, *күндіз* +13+18°С-қа, облыстың оңтүстігінде +23°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасы *түнде* -1-6°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасының *түнде* -1-6°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде -3°С-қа дейін, *күндіз* +3+8°С-тан +8+13°С-қа, облыстың оңтүстігінде +13°С-тан +16°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* -3-8°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 13-37 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Тұман үшінші онкүндіктің басында, көктайғақ айдың соңында күтіледі. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы болжануда.



## Шығыс Қазақстан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +2,0+8,3°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +1,0+7,3°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +1+6°С-тан, облыстың солтүстігінде -1°С-тан +6+11°С-қа дейін, *күндіз* +15+20°С-қа, облыстың оңтүстігінде +23°С-тан +20+25°С-қа, таулы аудандарда +17°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа, таулы аудандарда *түнде* -5°С-қа дейін, *күндіз* +5°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан +5+10°С-қа, облыстың таулы аудандарында -5°С-тан -2°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-тан +15+20°С-қа, таулы аудандарында +5°С-тан +12°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -2-7°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +4+9°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Үшінші онкүндіктің бірінші жартысында ауа температурасы *түнде* -2-7°С-тан, облыстың оңтүстігінде +3°С-тан 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде және тауларында -5°С-қа дейін, *күндіз* +4+9°С-тан +9+14°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің екінші жартысында ауа температурасының *түнде* -5-10°С-қа, таулы аудандарда -13°С-қа дейін, *күндіз* 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Жауын-шашынның айлық мөлшері норма шамасында күтіледі (норма: 18-62 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, жауын-шашын (жаңбыр, жылбысқы қар) - екінші онкүндіктің соңында және үшінші онкүндіктің екінші жартысында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің басында болжануда. Көктайғақ үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады. Жел 15-20 м/с жиі бір ай бойы күтіледі.



## Қызылорда облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +10,7+12,8°С, бұл *нормадан 1° жоғары* (норма: +9,2+11,4°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +3+8°С-тан +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +25+30°С-қа дейін жоғарылауы болжанады. Содан кейін ауа температурасы *түнде* +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +13+18°С-қа, облыстың оңтүстігінде +21°С-қа дейін төмендейді. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +10+15°С-қа, облыстың солтүстігінде +5°С-қа дейін, *күндіз* +23+28°С-қа, облыстың солтүстігінде +18°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +1+6°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-қа, облыстың оңтүстігінде +20°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +6+11°С-тан -2-7°С-қа дейін, облыстың солтүстігінде +1°С-тан -10°С-қа дейін, *күндіз* +17+22°С-тан +5+10°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтілуде.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *нормадан аз,* облыстың батысында *норма шамасында* (норма: 6-11 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, жауын-шашын (жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің соңында күтіледі. Найзағай бірінші онкүндіктің басында болжануда. Шаңды дауыл екінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болуы ықтимал. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі болжанады.



## Түркістан облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +7,3+14,8°С, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары,* облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма: +6,1+14,3°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +25+30°С-тан, облыстың солтүстігінде +20°С-тан +15+20°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-қа дейін жоғарылауы болжанады.

Екінші онкүндікте ауа температурасы *түнде* +5+10°С-тан +10+15°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +23+28°С-қа дейін ауытқиды.

Үшінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +5+10°С-тан -1-6°С-қа, облыстың солтүстігінде -10°С-қа дейін, *күндіз* +18+23°С-тан +5+10°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі күтіледі.

Жауын-шашынның айлық мөлшері облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың солтүстік-батысында *нормадан аз* болады деп күтіледі (норма: 6-60 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің екінші жартысында болжанады. Найзағай айдың басында және ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі.



## Жамбыл облысы

Ауаның орташа айлық температурасы +7,0+12,1°С, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары,* облыстың оңтүстік-шығысында *норма шамасында* (норма: +5,8+10,9°С).

Б і р і н ш і  о н к ү н д і к т е ауа температурасының *түнде* +7+12°С-тан +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +28+33°С-тан, облыстың солтүстігінде +23°С-тан +15+20°С-қа дейін төмендеуі күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының жоғарылауы болжанады.

Е к і н ш і  о н к ү н д і к т і ң  б і р і н ш і  ж а р т ы с ы н д а ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа, облыстың оңтүстігінде +28°С-қа дейін одан әрі жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың солтүстігінде және таулы аудандарында -3°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Ү ш і н ш і  о н к ү н д і к т і ң  б а с ы н д а ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан +5+10°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында -3°С-тан +2°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-тан +13+18°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында +8°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,-5°С-қа, облыстың оңтүстігінде +3°С-қа дейін, *күндіз* +5+10°С-қа, облыстың солтүстік және таулы аудандарында +2°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 10-45 мм).

Жаңбыр жиі бірінші онкүндікте, үшінші онкүндіктің басында, жауын-шашын (жылбысқы қар) - үшінші онкүндіктің ортасында болжанады. Найзағай айдың басында күтіледі. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында болады деп болжанады. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі күтіледі.



## Алматы облысы

Ауаның орташа айлық температурасы -0,1+11,6°С, бұл облыстың басым бөлігінде *норма шамасында,* облыстың солтүстігінде *нормадан 1° жоғары* (норма: -0,6+11,2°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +3+8°С-тан +8+13°С-қа, облыстың таулы аудандарында -2°С-тан +3°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-тан +25+30°С-қа, облыстың таулы аудандарында +15°С-тан +20°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Содан кейін ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа дейін, *күндіз* +10+15°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында *түнде* -5°С-қа, *күндіз* +5°С-қа дейін біртіндеп төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +20+25°С-қа, облыстың оңтүстігінде +28°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында *түнде* +2°С-қа, *күндіз* +15°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, *күндіз* +8+13°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* 0,-5°С-қа, *күндіз* +2+7°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан +5+10°С-қа дейін, *күндіз* +8+13°С-тан +13+18°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында *түнде* 0,-5°С-тан 0,+5°С-қа дейін жоғарылауы, *күндіз* негізгі фон +2+7°С болады деп күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -3-8°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында *түнде* -13°-18 °С-қа, *күндіз* 0,-5°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 11-64 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің ортасында және соңында, үшінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жылбысқы қар) және көктайғақ үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман екінші онкүндіктің басында, үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с бірінші онкүндіктің ортасында және соңында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында және соңында болжанады.



**Жетісу облысы**

Ауаның орташа айлық температурасы +5,0+11,4°С, бұл облыстың басым бөлігінде *нормадан 1° жоғары,* облыстың шығысында *норма шамасында* (норма: +4,0+10,9°С).

Бірінші онкүндіктің басында ауа температурасы *түнде* +3+8°С-тан +8+13°С-қа дейін, *күндіз* +19+24°С-тан +24+29°С-қа, облыстың солтүстігінде +22°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* +2+7°С-қа дейін, *күндіз* +12+17°С-қа, облыстың солтүстік және таулы аудандарында *түнде* -1°С-қа дейін, *күндіз* +7°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Екінші онкүндікте ауа температурасының *түнде* +7+12°С-қа дейін, *күндіз* +17+22°С-қа, облыстың оңтүстігінде +25°С-қа дейін, облыстың солтүстік және таулы аудандарында *түнде* +2°С-қа дейін, *күндіз* +13°С-қа дейін біртіндеп жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-қа, облыстың таулы аудандарында -5°С-қа дейін, *күндіз* +9+14°С-қа, облыстың шығысында +18°С-қа дейін төмендеуі болжанады.

Үшінші онкүндіктің басында ауа температурасының *түнде* 0,+5°С-тан +5+10°С-қа, облыстың солтүстік және таулы аудандаында -5°С-тан 0°-қа дейін, *күндіз* +9+14°С-тан +14+19°С-қа дейін жоғарылауы күтіледі. Онкүндіктің соңында ауа температурасының *түнде* -3-8°С-қа дейін, *күндіз* 0,+5°С-қа дейін, облыстың таулы аудандарында *түнде* -13°-қа, *күндіз* -2°С-қа дейін төмендеуі болжануда.

Жауын-шашынның айлық мөлшері *норма шамасында* күтіледі (норма: 13-61 мм).

Жаңбыр бірінші онкүндіктің екінші жартысында, екінші онкүндіктің соңында, үшінші онкүндіктің ортасында, жауын-шашын (жылбысқы қар) және көктайғақ үшінші онкүндіктің соңында болжанады. Тұман үшінші онкүндіктің ортасында күтіледі. Жел 15-20 м/с ай бойы жиі болжанады.



Қазақстан Республикасы
Астана қ-сы
Мәңгілік Ел к-сі 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.kz

Республика Казахстан
г.Астана
ул.Мангілік Ел 11/1
тел: 8(7172)79-83-95
E-mail:
Udpp@meteo.lz